



Сыздықов Бақтияр Сыздықұлы

1906 жылы шілде айында Жабағылы мен Қоянбай ауылының ортасында ауыл болған, сонда дүниеге келген.

1933 жылы аштық кезінде Алтайға көшкен. Алтайдың Михайловка ауданы Қызыл тал ауылындағы калхозда шапан болып жұмыс істеген.

1941 жылы әскерге шақырылып Оралдағы әскери заводқа еңбек әскеріне алынады. Сонда 1943 жылы аяғына дейін болып содан соғысқа жіберіледі. Соғыста екінші Беларусь майданының құрамында соғысады. Польшаны және оның астанасы Варшава қаласын азат етуге қатысады. 1945 жылы 28 ақпанда Кеннигсберг қаласын азат ету кезінде қатты жараланып госпитальға түседі. Содан 1946 жылы үйге оралады.

1948 жылы еліне оралып Лебяжі ауданы Бесқарағай орман шаруашылығына орманшы болып жұмысқа орналасады. Сонда 1973 жылға дейін жұмыс істейді. 2 қазан 2000 жылы дүниеден өтті.